

"Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі, Индустрия және сауда министрлігі, Кедендік бақылау агенттігі арасындағы өзара іс-қимыл жасасудың және әкелінетін, әкетілетін азаматтық, қызметтік қару мен оның патрондары, аңшылық оқ-дәрі, жарылғыш, улы заттар, түрлі- түсті бейнелеуде көбейту-көшіру техникасы туралы ақпарат алмасу туралы нұсқаулықты бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2003 жылғы 11 наурыздағы № 131, Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрінің 2003 жылғы 31 наурыздағы № 97, Қазақстан Республикасы Кедендік бақылау агенттігі төрағасының 2003 жылғы 17 наурыздағы № 98 бірлескен бұйрығының күшін жою туралы

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2014 жылғы 11 қарашадағы № 795, Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2014 жылғы 24 қарашадағы № 170 және Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2014 жылғы 7 қарашадағы № 483 бірлескен бұйрығы

«Нормативтік құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 24 наурыздағы Заңының 43-1-бабына сәйкес, **БҰЙЫРАМЫЗ:**

1. «Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі, Индустрия және сауда министрлігі, Кедендік бақылау агенттігі арасындағы өзара іс-қимыл жасасудың және әкелінетін, әкетілетін азаматтық, қызметтік қару мен оның патрондары, аңшылық оқ-дәрі, жарылғыш, улы заттар, түрлі-түсті бейнелеуде көбейту-көшіру техникасы туралы ақпарат алмасу туралы» нұсқаулықты бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2003 жылғы 11 наурыздағы № 131, Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрінің 2003 жылғы 31 наурыздағы № 97, Қазақстан Республикасы Кедендік бақылау агенттігі төрағасының 2003 жылғы 17 наурыздағы № 98 бірлескен бұйрығының (Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2003 жылғы 29 сәуірде № 2258 болып тіркелді) күші жойылды деп танылсын.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті (Д.Е. Ерғожин) заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) бір апталық мерзімде осы бірлескен бұйрықтың көшірмесін Қазақстан Республикасының Әділет министрлігіне жолдауды;

2) ақпараттық бұқаралық құралдарына осы бірлескен бұйрықты ресми жариялауын қ а м т а м а с ы з е т с і н .

3. Осы бірлескен бұйрық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы
Ішкі істер министрі
_____ Қ.Н. Қасымов

Қазақстан Республикасы
Инвестициялар және даму министрі
_____ Ә.Ө. Исекешев

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрі

_____ *Б.Т. Сұлтанов*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК